

**Қазақстан Республикасы Ішкіісмині мен Әділет министрлігіне бекітілген
контингенті арасында ВИЧ/ЖҚТБ инфекциясы таралуын ескерту жөніндегі
шаралар туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 6 желтоқсандағы N 140 , Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 7 желтоқсандағы N 862, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2001 жылғы 10 желтоқсандағы N 1122 Бірлескен Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 29 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 1717. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 20.11.2002 ж. N 169, ҚР Ішкі істер министрінің 20.11.2002 ж. N 728, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.09.2002 ж. N 893 бірлескен бұйрығымен.

" ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы ", " Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 97-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ішкіісминіне және Әділет министрлігіне бекітілген контингенті арасында ВИЧ/ЖҚТБ инфекциясы таралуын ескерту жөніндегі жұмысты ұйымдастырудың Ережесі бекітілсін.

2. ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталық (Т.Е. Чакликов):

1) Қазақстан Республикасы Ішкіісмині мен Әділет министрлігіне тіркелген контингент арасында ВИЧ/ЖҚТБ инфекциясының алдын алу, оны анықтау мен емдеу жөніндегі әдістемелік көмекті қамтамасыз ету.

2) Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің қабылдау-тарату орындарындағы, Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және ақтау орталықтарындағы, тергеу изоляторларындағы, уақытша ұстау изоляторларында және Әділет министрлігінің мекемелеріндегі контингентті ВИЧ/ЖҚТБ затына ақысыз тексеруді қамтамасыз ету;

3) Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетімен, Ішкіісминің Қамауда ұстау орындары департаментімен (М.М. Баймұхамбетов), Қоғамдық қауіпсіздік департаментімен (Г.С. Алпысбаев), Медициналық басқармасымен (Б.Х. Әлібеков) бірлесе отырып, Қазақстан Республикасы Әділет

министрлігі мен Ішкіісминінің ведомстволық денсаулық сақтау мекемелерінің медициналық қызметкерлерін ВИЧ/ЖҚТБ инфекциясы мәселесі жөнінде оқытуды ұйымдастыру;

4) Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Медициналық басқармасымен (Б.Х. Әлібеков), Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Сотталғандарды медициналық қамтамасыз ету басқармасымен бірлесе отырып, ВИЧ-инфекциясының алдын алу жөніндегі білім беру бағдарламаларын Қазақстан Республикасы Ішкіісмині мен Әділет министрлігіне тіркелген контингенті арасында арналған әдістемелік құралдарды дайындау.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне, Ішкіісминің Қамауда ұстау орындары департаментіне (М.М. Баймұхамбетов), Қоғамдық қауіпсіздік департаментіне (Г.С. Алпысбаев), Медициналық басқармасына (Б.Х. Әлібеков):

1) қабылдау-тарату орындарында, Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және ақтау орталықтарында, Ішкіісминінің тергеу изоляторларында, уақытша ұстау изоляторында және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің түзеу мекемелерінде ұсталатын азаматтардың ВИЧ/ЖҚТБ-ны анықтау үшін тексеруді ұйымдастыру;

2) ВИЧ-инфекциясын жұқтырғандарды және ЖҚТБ-мен ауыратындарды, туберкулезбен тіркескен ВИЧ-инфекциясын жұқтырғандарды және ЖҚТБ-мен ауыратындарды, айыпталушыларды, сезіктілерді және сотталғандарды негізгі массасынан оқшау ұсталуын қамтамасыз ету;

3) ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталықпен (Т.Е. Чакликов) бірлесе отырып, жыл бойы арнайы оқыту сағаттарын бөлу арқылы "ВИЧ/ЖҚТБ проблемасы және оның алдын алу" атты білім беру бағдарламасы бойынша:

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі мен Ішкіісминінің оқу орындарындағы курсанттарымен тыңдаушыларын, жеке құрамын;

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріндегі және Ішкіісминінің тергеу изоляторларында, уақытша ұстау оқшаулау контингентін.

4. Бұйрық 2002 жылғы 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің және Ішкіісминінің қоса бұйрығымен бекітілген 2001 жылғы 12 сәуірдегі N 313/334 " Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің қоса бұйрығымен бекітілген Ішкіісминінің тіркелген контингенті арасында ВИЧ/ЖҚТБ таралуының алдын алу жөніндегі шаралары туралы" 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күші жойылады

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер вице-Министрі ішкі қызмет генерал-майоры Н.А. Власовқа, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-Министрі А.Т. Айдархановқа және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің төрағасына жүктелсін.

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрі

генерал-майор

Қазақстан Республикасы

Әділет министрі

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрі

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Министрімен
2001 жылғы 7 желтоқсан N 862
Қазақстан Республикасы
Әділет Министрімен
2001 жылғы 6 желтоқсан N 140
Қазақстан Республикасы
Денсаулық Министрімен
2001 жылғы 10 желтоқсан N 1122
Қоса біріккен бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі мен Әділет министрлігіне бекітілген контингент арасында ВИЧ/ЖҚТБ инфекциясы таралуының ескерту жөніндегі жұмысты ұйымдастыру

ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Жалпы ережелер

1. Жұқтырылған қорғаныс тапшылығы белгісі (бұдан әрі - ЖҚТБ) қорғаныс және жүйке жүйелерін зақымдау арқылы ететін, ауыр инфекциялық, паразитарлық аурулар мен қатерлі жаңадан пайда болулардың дамуымен байқалатын вирустық этиология ауруы болып табылады. Қазіргі кезде инфекцияны жұқтырудың мынадай жолдары анықталған: жыныстық, парентеральдық (тері және шырышты жамылғының тұтастығы бұзылған кезде), трансфузиондық (донор қанын және оның препараттарын қайта құю кезінде), сондай-ақ анасынан нәрестесіне (жүкті болу, туу, төсінен емізу кезінде).

Ауру көбіне инъекциялық нашақорлар, ретсіз жыныстық қатынастар жасаушы тұлғалар, гомонәпсіқұмарлар арасында тіркеледі.

Республикамызда пенитенциарлық мекемесіне келіп түсу кезінде анықталатын адамның имунтапшылығы вирусын (бұдан әрі - ВИЧ) жұқтырған

адамдар санының өсуі байқалып отыр. Пенитенциарлық мекемелерге келіп түсетін адамдардың көпшілігі тексеру сәтінде ВИЧ-инфекциясының лабораторлық әдіспен анықталмайтын жасырын түрде өтуі кезеңінде (серонегативтік кезең) болуы мүмкін, алайда, бас бостандығынан айыру жағдайларында олар маңайындағыларға үлкен қауіп төндіреді.

Қазақстан Республикасында ЖҚТБ-мен ауру жағдайлары санының өсуі және бұл инфекцияның эпидемиологиялық ерекшеліктері денсаулық сақтау органдары мен мекемелеріне ведомстволық тиесілігіне қарамастан ВИЧ-инфекциясын жұқтырған тұлғаларды дер кезінде анықтауды ұйымдастыру, инфекция жұқтырғандарды бақылау, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі мен Ішкі істер бөліміне бекітілген контингент арасында (ішкі істер органдарында және қылмыстық атқару жүйесі қызметкерлері, оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушылары, тергеу изоляторлары, уақытша ұстау изоляторлары, қабылдау-тарату, уақытша оқшаулау, бейімдеу және ақтау орталықтарында, түзеу мекемелеріндегі тұлғалар) ЖҚТБ-ның одан әрі таралуына кедергі жасайтын эпидемиологиялық қадағалау іс-шараларын жүргізу қажеттілігін талап етіп отыр.

2. Денсаулық сақтау мемлекеттік ұйымдарының, ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтарының міндеттері

2. Денсаулық сақтау ұйымдарының, ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтардың негізгі міндеттері:

1) ЖҚТБ-ның - алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтар зертханаларының материалдарды қабылдап алуы мен ВИЧ-инфекциясына зерттеуді иммуноферменттік анализ (бұдан әрі - ИФА) әдісімен жүргізуі, қажет болғанда ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Республикалық орталыққа ВИЧ-инфекциясына қарсы денелерді анықтау жөніндегі зерттеулер жүргізуші зертхана жүзеге асыратын иммуноблотинг әдісімен анализдер немесе басқа да тереңдетілген зерттеулер жүргізу үшін материалдар қабылдау;

2) Қазақстан Республикасы Ішкі істер бөлімі мен Әділет министрлігінің денсаулық сақтау қызметтеріне тергеу изоляторларында (бұдан әрі - ТИ), түзеу колонияларында (бұдан әрі - ТК), қабылдау-тарату орындарында, кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және ақтау Орталықтарындағы (бұдан әрі - КТУОБАО) ұсталатын, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінде (бұдан әрі - ТМ) ұсталатын ВИЧ-инфекциясы табылған және ЖҚТБ-мен ауырған адамдар туралы уақытылы ақпарат беру;

3) анықталған ВИЧ-инфекциясын жұқтырғандарға және ЖҚТБ-мен ауыратындарға білікті маманданған кеңес беруді қамтамасыз ету;

4) Ішкіісминінің аумақтық бөлімшелері және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі ЖҚТБ бойынша сол аумақтағы эпидемиологиялық жағдай туралы, сондай-ақ қатерлі топтар бойынша эпидскрининг нәтижелері туралы ай сайын ақпарат беру;

5) Қазақстан Республикасы Ішкіісмині мен Әділет министрлігінің денсаулық сақтау қызметтеріне ВИЧ/ЖҚТБ-ның алдын алу мәселелері бойынша бекітілген контингентті оқыту жөнінде әдістемелік көмек көрсету;

6) ТИ-де, ТК-да, қабылдау-тарату орындарында, УҰИ-да, КТУОБАО-да ұсталатын адамдарды ВИЧ-инфекциясына тексеру (ИФА, иммуноблотинг) " ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы ", " Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттер, мекеме, ұйым, кәсіпорынның жеке меншік түріне қарамастан ерікті жарнама, азаматтар мен қоғамдық бірлестік, құрмалдық, қайырымдылық көмек, сондай-ақ қорлар есебінен жүзеге асырылады.

3. Ішкі істер органдары мен қылмыстық-атқару жүйесі бөлімшелерінің ЖҚТБ-ның алдын алу жөніндегі міндеттері

3. Алматы қаласы ПББ-нің, облыстардағы ПББ-ПБ-нің, облыстардағы ҚАЖ Комитеті басқармаларының медициналық қызметтері (бұдан әрі - МК):

1) ВИЧ/ЖҚТБ-ның алдын алу мәселелері бойынша медициналық-ағарту жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етеді;

2) мыналарға:

емдеу-алдын алу мекемелерінің стерилизациялау бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыруға және дезинфекциялық-стерилизациялау режимдерінің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық кесімдерінің талаптарына қатаң сәйкестікте болуына;

ЖҚТБ-ны жұқтырғандарға жататын контингенттің Қазақстан Республикасы Ішкіісмині мен Денсаулық сақтау министрлігінің және Әділет Министрлігінің нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес тексеру жүргізуге толық қамтылуына;

бағыныстағы мекемелердің статистикалық есеп беруді дер кезінде ұсынуына;

ВИЧ-инфекциясын жұқтырған сотталғандарды қылмыстық-атқару жүйесінің арнайы мекемелеріне этаптау кезіндегі құпиялылықтың сақталуына бақылау орнатады.

4. Алматы қаласы ПББ-нің, облыстардағы ПББ-ПБ-ның, облыстардағы ҚАЖ Комитеті басқармаларының Санитарлық-эпидемиологиялық станциялары (бұдан әрі - СЭС):

1) мыналарға:

қатерлі топқа жататын адамдарды анықтауға, есепке алуға және олардың толық тексерілуіне;

медициналық персонал қанмен жұмыс істеген кезде дезинфекциялық режимнің сақталуына және оларды жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етілуіне;

серопозитивтік адамдарды есепке алуға, диспансерлік бақылауға және қайта тексеруге;

ВИЧ-инфекциясын жұқтырғандармен немесе ЖҚТБ-мен ауыратындар ауыратындармен байланыста болғандарды есепке алу және байланыстан кейін 3 және 6 ай өткен соң, ал одан әрі ерікті түрде лабораторлық тексеруге;

ведомстволық емдеу-алдын алу мекемелерінің ВИЧ-инфекциясын жұқтырғанды анықтаудың әрбір жағдайына белгіленген нысандардағы төтенше хабарламаларды уақытылы жіберуіне;

ведомстволық бағыныстағы мекемелердің статистикалық есеп беруді дер кезінде ұсынуына;

анықталған инфекция жұқтырған адамдардың немесе ЖҚТБ-мен ауыратындардың инфекциялық ауруларды белгіленген үлгідегі есепке алу журналында тіркелуіне және төтенше хабарлардың Қазақстан Республикасы Ішкіісмині мен Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің тиісті медициналық басқармаларына (бұдан әрі - медициналық басқарма) жіберілуіне бақылау орнатады;

2) медициналық басқармаға ВИЧ-инфекциясын жұқтырудың әрбір анықталған жағдайы жөніндегі жазбаша ақпаратты мынадай схема бойынша ұсынады:

төлқұжат деректері (Т.А.Ә.), туған датасы мен жылы, мекен-жайы, инфекция жұқтырған адам ұсталатын мекеме;

келіп түскен датасы, бап, қатерлі топқа қатысы, байланыста болған адамдары туралы мәліметтер (жыныстық партнерлері, нашақор-партнерлері, ауру адамға қаны құйылған донорлар туралы, ауру адам қанының реципиенттері, медициналық байланыстар туралы);

тексеру: анализдің нөмірі көрсетілген ИФА мен иммуноблотинг нәтижесі, жүргізілген датасы, клиникалық диагнозы;

ауруға (жұқтырушыға) ЖҚТБ-ны біле тұра жұқтырғаны үшін қылмыстық жауапкершілік туралы ескертудің жасалған-жасалмағаны;

мамандандырылған мекемеге жіберілген датасы;

3) статистикалық есеп беруді медициналық басқармаға есептік кезеңнен кейінгі айдың 10 күніне қарай ұсынуды қамтамасыз етеді;

4) аумақтық денсаулық сақтау мекемелерімен (облыстық ЖҚТБ орталықтарымен, наркологиялық диспансерлермен, тері-венерологиялық

диспансерлермен және т.б.) ақпарат алмасу және ВИЧ/ЖҚТБ-ның алдын алуға бағытталған іс-әрекеттерді үйлестіру бойынша өзара іс-қимыл жасайды;

5) ВИЧ/ЖҚТБ-ны жұқтырғандар Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің және Әділет министрлігінің мекемелерінен босатылған жағдайда есепке қою және диспансерлік бақылауға алу үшін олар кеткен жердегі республикалық және аумақтық (облыстық, Астана, Алматы қалаларының) ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтарға жазбаша түрде хабарлайды.

5. ТИ мен ТМ-ның бастықтары:

1) мекеме бойынша бұйрықпен медициналық, жедел-режимдік және тәрбиелеу қызметтерінен қатерлі топқа жататын контингентті анықтау мен есепке алуға жауапты қызметкерлерді, олардың ВИЧ-инфекциясына дер кезінде және толық тексерілуін, есеп беруді ұсынуды, есеп беру-есепке алу құжаттамасын жүргізуді, санитарлық-ағарту жұмысын ұйымдастыруды тағайындайды;

2) Қазақстан Республикасы Ішкіісмині мен Денсаулық сақтау министрлігі және Әділет министрлігінің кесімдеріне сәйкес, айыпталушылар, сезіктілер мен сотталғандар қатарындағы контингенттің мекемеде тексерілуін ұйымдастырады;

3) статистикалық есеп берудің МҚ-ға есептік кезеңнің 5 күніне қарай уақытылы ұсынылуын қамтамасыз ету;

4) ЖҚТБ-ға қан алу үшін жеке кабинет бөліп, оны жабдықтайды, алынған материалды оның сапасына кепілдік беретін талаптарды сақтай отырып, аумақтық диагностикалық зертханаларға мекеме көлігімен жеткізеді.

Қан немесе қан сарсуы үлгілеріне мекеменің атауы, тексерілушінің Т.А.Ә., туған жылы, жынысы, материалды алу датасы, қатерлі тобы көрсетілген бланк қоса беріледі, клиникалық көрсетулер бойынша тексеру кезінде - диагнозы көрсетіледі;

5) ВИЧ-инфекциясын жұқтырған және ЖҚТБ-мен ауыратын айыпталушыларды, сезіктілер мен сотталғандарды, сондай-ақ қатерлі топқа жататын адамдарды медициналық бөлімде жүргізілетін журналда (1-қосымша) есепке алуды қамтамасыз етеді.

Қатерлі топ контингентін ғана картотекалық есепке алуды мекеменің жедел бөлімі жүргізеді, онда міндетті түрде ВИЧ инфекциясына тексеру туралы (2-қосымша) белгі болуы тиіс. ВИЧ инфекциясына тексерілетіндердің картотекасы жедел бөлімде сақталады, оны жедел және медициналық бөлімдердің қызметкерлері толтырады. Айыпталушыларды, сезіктілер мен сотталғандарды бір мекемеден екінші мекемеге ауыстырған кезде есепке алу карточкасы жеке ісіне қосылады.

Қатерлі топтың инфекция жұқтырмаған адамдары тек олардың жаза мерзімі аяқталғаннан кейін ғана есептен шығарылған болып саналады.

ВИЧ-инфекциясын жұқтырған адамдар өмірінің барлық кезеңінде диспансерлік бақылауда болады.

6. Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің уақытша ұстау изоляторлары мен қоғамдық қауіпсіздік қызметтері арнайы мекемелерінің бастықтары:

1) қабылдау-тарату орындарында, КТУОБАО-ға келіп түсетін барлық контингентті ВИЧ-ке тексеруді дерматовенеролог, ал әйел жынысты жасөспірімдерді - қажет болғанда гинеколог алдын ала қарағаннан кейін ұйымдастырады; КТУОБАО-да ұсталатын тұлғаларды ВИЧ инфекциясын тексеру азаматтардың денсаулығын сақтау саласында Қазақстан Республикасы уәкілетті Орталықтың атқарушы органымен бекітілген ережелерге сәйкес өткізіледі;

2) медициналық столмен, тоңазытқышпен, қол жууға арналған раковинамен, медициналық қызметкерге арналған ауыстырылып отыратын белгі салынған санитарлық киіммен және аяқ киіммен қамтамасыз етіп, ЖҚТБ-ға қан алу үшін жұмыс орнын бөледі;

3) қан немесе қан сарсуы үлгілерін мекеме көлігімен диагностикалық зертханаға дер кезінде (бір тәулік ішінде) жеткізуді қамтамасыз етеді;

4) ТИ-ға, білім берудің арнаулы ұйымдарына жіберілетін тұлғалардың жеке ісіне ЖҚТБ-ға тексерудің датасы мен нәтижесін және қатерлі топқа қатысы (ол анықталған жағдайда) көрсетіле отырып, белгіленген үлгідегі анықтаманы қоса береді.

4. Тексеру әдістемесі мен тәртібі

7. ВИЧ-ке қарсы денелері бар тұлғаларды қанын ИФА әдісімен зертханалық тексеру анықтаудың негізгі әдісі болып табылады.

Қан ИФА-дағы бастапқы серодиагностикалау үшін күре тамырдан 3-5 мл. мөлшерінде алынып, дәл сол күні зерттеу үшін ВИЧ-ке қарсы денелердің болуын анықтайтын аумақтық денсаулық органдарының зертханасына жіберіледі. Тез арада жеткізу мүмкіндігі болмаған жағдайда қан сарсуын бөліп алып, оны стерильді флаконға ауыстыру керек және зертханаға жеткізу арқылы оны жеті тәуліктен аспайтын мерзім ішінде плюс төрт градус температурада сақтау керек.

8. Тексерілуші ВИЧ-ке оң нәтиже берген болса, ол алғаш рет тексеріліп отырған жағдайда бастапқы оң нәтиженің дұрыстығын растау үшін қан сарсуын комиссиялы түрде қайта алу қажет.

Нәтиженің ақырғы расталуын ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталықтың референс-зертханасы иммуно-блотингі реакциясы арқылы жүргізеді.

9. Иммуноблотында күдікті нәтижелері бар адамдар анықталған жағдайда оларға Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі кесімдеріне сәйкес бақылау жүргізіледі.

6. Медико-деонтологиялық шарттар

10. ВИЧ инфекциясын жұқтырған немесе ЖҚТБ-мен ауыратын адам ВИЧ-инфекциясын жұқтырғаны және ЖҚТБ-ның диагнозы туралы, өзінің отбасына және онымен байланыста болатын адамдарға төндіретін қаупі, жұқтыруды болдырмау шаралары туралы білуі, сондай-ақ айналасындағыларға жұқтырғаны үшін қылмыстық жауапкершілік туралы ескертілуі керек.

7. Диспансерлік бақылау тәртібі

11. ВИЧ-ке қарсы денелер болуының оң нәтижелерінен кейін (ИФА) барлық ВИЧ-инфекциясын жұқтырғандар және ЖҚТБ-мен ауыратындар диспансерлік есепке алынады: ішкі істер органдарының жеке құрамы Ішкіісмин, ПББ-ПБ-нің емханасында, ТИ-дің медициналық бөлімдерінде айыптаушылар мен сезіктілер, Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесіндегі сотталғандар мамандандырылған мекемелерде.

12. ВИЧ-инфекциясын жұқтырғандар және ЖҚТБ-мен ауыратындарды диспансерлік бақылауды ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі аумақтық Орталықтардың мамандары инфекционист-дәрігермен немесе пенитенциарлық мекеменің ВИЧ/ЖҚТБ бойынша жауапты дәрігерімен бірлесіп жүргізеді, ал аумақтық орталықтардың диспансерлік бақылау мүмкіндіктері болмағанда (қашық орналасуы) ВИЧ-инфекциясын жұқтырған және ЖҚТБ-мен ауыратын адам ұсталатын түзеу мекемесінің дәрігері жүргізеді. Диспансерлік бақылауға клиникалық көрінулеріне қарай 6 айда 1 рет: бастапқы көрінулер кезеңінде - 3 айда 1 рет, ЖҚТБ-мен ауыратындар - клиникалық көрсетулері бойынша аурудың жағдайына қарай кемінде жүргізілетін зертханалық және клиникалық тексеру жатады. ВИЧ-инфекциясын жұқтырғандармен байланыста болған адамдарға тексеру байланыстан кейін 3 және 6 ай өткен соң, одан әрі - ерікті түрде жүргізіледі.

13. Зерттеулердің нәтижелері мен клиникалық статусындағы өзгерістер диспансерлік бақылаудың медициналық картасында енгізіледі.

14. ВИЧ-инфекциясын жұқтырғандардың және ЖҚТБ-мен ауыратындардың медициналық құжаттамасында (сыртқы бетіне) "ВИЧ" немесе "ЖҚТБ" деген жазба белгілері жасалуы керек. Тексеру нәтижелері "анализдер мен тексерулер" деген бетте көрсетілуі тиіс.

15. Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің, облыстардағы ІББ-ІБ-нің емханаларына бекітілген контингент қатарындағы иммуноблотингтің оң нәтижелері және ЖҚТБ-ның клиникалық көрінулері бар адамдар денсаулық сақтау органдары мекемелерінің арнайы бөлінген бөлімшелеріндегі госпитальға жатқызылады.

Иммуноблотингтің оң нәтижелері бар сотталғандар Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің мамандырылған түзеу мекемелерінде, қалған сотталғандардан оқшау ұсталады.

1-қосымша

ВИЧ жұқтырушылыққа тексерілген қатерлі топқа жататын адамдарды есепке алу
ЖУРНАЛЫ

__ NN Т.А.Ә. Туған Есепке ИФА. Диспан. Иммуно- Қашан Ақпарат Дерек.
күні, алу дағы серлік блотинг және қашан терді
айы, датасы зерт.есепке әдісімен қайда және толтыр.
жылы (айы, хана. алу зертхана. кетті кімге ған
жылы) лық датасы лық зерт. жібе. медқыз.
зерт. теу дата. рілді меткер.
теу сы мен дің
датасы нәтижесі қолы
мен
нәти.
жесі

__ 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

2-қосымша

ЖҚТБ-ға тексерілетін адамның
ЕСЕПКЕ АЛУ КАРТОЧКАСЫ
Жедел бөліммен толтырады:

1. Тегі _____
2. Аты _____
3. Әкесінің аты _____
4. Туған күні, айы, жылы _____
5. Қатерлі тобы _____
6. Тұтқындалғанға немесе сотталғанға дейінгі мекен-жайы (жеке ісіндегі деректер бойынша) _____

Медициналық бөліммен толтырылады:

___ Мекеме, Қан алу ИФА-дағы Иммуно- Диспансерлік Кеткен
келген датасы зертханалық блотинг есепке алу немесе
датасы зерттеу датасы датасы босатылған
датасы мен мен датасы
нәтижесі нәтижесі

___ 1 2 3 4 5 6

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК